

**«8D02301 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Кенбаева Айнур Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p>	<p>1.1. Кенбаева Айнур Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);</p> <p>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).</p> <p>4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).</p> <p>Диссертация қандай да бір мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаны немесе нысаналы бағдарламаны аясында орындалмаған.</p> <p>Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.</p> <p>Диссертация тақырыбы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы</p>

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы лингвофольклортану, этнолингвистика салаларына, сонымен қатар, әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады және зерттеудің маңыздылығы да жақсы ашылған. Жұмыста диссертант А.З. Кенбаева өз зерттеуі барысында түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы мәселелерін тұңғыш рет кешенді түрде зерттеп, лингвопрагматикалық тұрғыдан жан-жақты сипаттауы дәйектейді. Атап айтқанда диссертацияда топонимдік фольклордың жанрлық ерекшелігін, функциясын, жаңа ғылыми парадигмадағы қолданысын, жіктелу принциптері мен оның фольклорлық сюжетке қатысын, танымдық, эстетикалық, уәждік, деректілік сипаттарын, эпос түрлерінде топонимдердің қолданысының өзіндік ерекшеліктерін мысалдар келтіре отырып саралаған. Зерттеу жұмысының маңыздылығы диссертацияда жасалған ғылыми пайымдаулардың негізінде жан-жақты ашылған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салалары бойынша ғылыми еңбектер, оқу құралдарын жазуда теориялық және практикалық жаңынан үлесін қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары, ғылыми пайымдаулары мен тұжырымдары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты, нақты дәлелдеулермен айқындап берген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған. «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбы алғаш рет зерттеу нысанына айналып отыр. Түркі халықтарының топонимдік фольклорының жанрлық ерекшеліктерін ашу, фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланыстылығы негізінде туындайтын жаңа танымдық дүниелерді сараптау – мұның барлығы түркі дүниесінің бірлігіне алып келетін фактор екенін дәлелдеуі жұмыстың өзектілігін айқындайды. Алынған нәтижелер бір-бірімен жүйелі байланыста қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Кенбаева Айнур Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы диссертациясының құрлымдық және мазмұндық сипаты әр тарауда қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық айқындайды деп санаймыз. Диссертация тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары, жалпы ішкі мазмұны күмән туғызбайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеудің мақсаты – түркі халықтарының фольклорында қолданысқа түсетін топонимдердің типологиясы мен поэтикасын зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланысын ашу; – топонимдік фольклордың түркі халықтарына ортақ сипаттарын анықтау; – топонимдік фольклордың жаңа ғылыми парадигмадағы маңыздылығын көрсету; – фольклор сюжеттерінде орын алған топонимдердің функциясын айқындау; – түркі халықтары топонимдік фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу; – топонимдердің батырлық және ғашықтық эпостарда қолданылу ерекшеліктерін зерттеу (қазақ, қарақалпақ, татар халықтары эпосы бойынша); – эпос поэтикасында қолданысқа түсетін топонимдердің түркі халықтарының ұлттық-мәдени байланыстылығын көрсететін мәнін сараптау.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар жасалған. Мысалы, диссертацияда талдау, салыстыру, сипаттау, саралау, жүйелеу, қорыту сияқты жалпы ғылыми талдау әдіс-тәсілдерімен қоса салыстырмалы-тарихи зерттеу, категориялау, модельдеу, когнитивтік, гнесологиялық, кросс-мәдени тұрғыда талдау үлгілері кешенді түрде қолданылған. Ізденуші ғылыми және тәжірибелік жағынан алғаш рет жүйеленіп, зерттеліп отырған тақырыптың әдебиеттеріне шолу жүргізіп, осы бағыттағы алдыңғы тұжырымдарды сыни тұрғыдан талдаған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа:</p> <ul style="list-style-type: none"> - топонимика мен фольклор саласының ғылыми негізі қосымша деректер арқылы кеңейтіле ашылып, қазіргі ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттелді; - фольклорлық жанрларда көрініс беретін топонимдердің уәждік, деректілік сипаты айқындалды; - қазақ, қарақалпақ, татар қаһармандық және романдық эпостарындағы топонимдердің қолданыс аясы салыстырмалы тұрғыда зерттелді; - түркі халықтарының топонимдік фольклорының типологиясы мен поэтикасы зерттелді; - фольклорлық шығармаларда топонимдердің әлемнің топонимдік бейнесін сипаттаудағы танымдық ерекшеліктері қарастырылды.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік толығымен жаңа деуге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбы тұңғыш рет зерттеліп отыр – жаңа; - түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясы мен поэтикасының пайда болуы мен қалыптасуын теориялық тұрғыдан анықтайды – жаңа; - түркі халықтары фольклорындағы оның ішінде қазақ, татар, қарақалпақ қаһармандық эпостарындағы топонимдердің сипатталуын қоғамдық-әлеуметтік жағдайға қатысты қарастырылады деп негіздейді – жаңа; - қазақ, татар, қарақалпақ ғашықтық жырларындағы эпостар поэтикасындағы топонимдердің сюжет құрау, поэтикалық байланыс орнатудағы маңыздылығы ұлтжандылық қасиетімен, терең ұлттық мазмұнымен ерекшеленеді деп көрсетеді – жаңа.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p> <p>Түркі халықтары фольклорындағы оның ішінде қазақ, татар, қарақалпақ қаһармандық эпостарындағы топонимдерді тілдік-әдеби жағынан қатар зерттей отырып, түрлі ғылыми білімдер аясында зерделеу, сонымен қатар қазақ эпосы тіліндегі топонимдерінің басқа да түркі халықтары эпостарымен салыстыра қарау тәрізді концептілердің талдануы ғылыми зерттеудің басты жаңалығы болып саналады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар дәлелденді:</p> <p>1) фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара байланыстылығы түркі халықтарының фольклорында қолданысқа түсетін топонимдерді зерттеу арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда түркі халықтарының топонимдік фольклоры жаңадан қалыптасқан ғылым саласы ретінде ғылыми айналымға енеді;</p> <p>2) топонимдік фольклор лингвистика, география, тарих, этнография, этнология, эстетика және фольклортану сияқты басқа да ғылымдармен тығыз байланысты. Аталған саланың жанрлық ерекшелігі фольклордың басқа ғылым салаларымен байланысынан көрінеді. Бұл фольклордың синкреттілік сипатынан туындайтын құбылыс;</p> <p>3) түркі халықтарының топонимдік фольклорын жаңа ғылыми парадигмада қарастыру зерттеуде лингвофольклортану бағытын қолдануға, когнитивтік тұрғыдан да назар аударуға, топонимдердің концептосферасын бағамдауға жол ашады;</p> <p>4) топонимдік фольклордың түркі халықтарына ортақ типологиялық белгілері бұл халықтардың қоршаған ортаны, дүниені тану негіздерінің бір екендігімен байланысты. Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтардың табиғатты танып, кеңістікті игеруі, оларға ат қою принциптері ұқсас болып келеді, сондықтан олардың жер-су туралы шығармашылықтары да үндес келіп жатады, осыдан олардың типологиялық белгілері айқындық табады;</p> <p>5) эпос поэтикасында топонимдердің қолданыс аясын салыстыра қарастыру үшін қазақ, қарақалпақ, татар халықтарының эпостары негізге алынды. Топонимдердің эпос поэтикасында қолданылуы, олардың танымдық, ақпараттық, деректілік сипаттары батырлық және романдық эпостарды талдау арқылы анықталды.</p> <p>7.2 Диссертациялық еңбекте ұсынылған қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы тақырыбы жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қазіргі кезеңде бұл мәселе кең қолданыста.</p> <p>7.5 Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасының қолданысы осы тақырып бойынша жарияланған материалдарда дәлелденді.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияда ғылыми жұмыстарды орындауға қойылатын дәйектілік принципі толық сақталған. Әр бөлім бойынша негізгі ойларды сабақтауға байланысты алынған дереккөздер тиянақты. Методологиялық әдістемесі дұрыс таңдалған. Ұсынылған ақпарат көздері деректі.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін түркі халықтары, оның ішінде қазақ, қарақалпақ, татар фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын ашып көрсетуде пайдаланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын белгіленген міндеттер тұрғысынан зерттеу үшін келесі ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектері басшылыққа алынды: фольклор, фольклордағы сюжеттік желі мен мотив мәселесі, фольклордың топонимикамен байланысы отандық С. Қасқабасов, А. Сейдімбеков, Ш. Ыбыраев, Б. Рахымов, К. Матыжанов, Р. Әлмұханова, Ж. Аймұхамбет, А. Әбсадықов, Қ. Жұмағалиев, Р. Бердібай, А.Ш. Пангереев зерттеу еңбектерінен, шетелдік ғалымдар В.Я. Пропп, М.А. Атаманов, В.А. Никонов, бүгінгі таңда фольклортану саласының жаңа арнасы кросс-мәдени лингвофольклортану жайлы В. фон Гумбольдт, А.П.Евгеньева, А.В.Десницкая, П.Г.Богатырев, А.Т. Хроленко, З.К. Тарланов, З.Я. Тураева, А.Ф. Папина зерттеулері; татар фольклористерінің А.Р. Биктимирова, Г.З.Дарзаманова, Г.Р.Ганиева, қарақалпақ зерттеушілері Қ.М.Оллоёров, Қ.

			Әбдимуратов, М.Қурбанов, Д.Юлдашев, Г.Мамбетова; топонимдердің классификациясын нақтылап жүйелеуде А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, В.П. Семенов Тян-Шанский, А.М. Селищев; қазақ жеріндегі топонимдік атаулардың уәждік, деректік сапасын анықтауда А. Абдрахманов, Г. Конкашпаев, Е. Койшыбаева, Т. Жанұзақов, В.Н. Попов, О. Султаньяев, Е. Керимбаев, А. Кожанов, Б. Бектасова, Ғ. Мадиева; топонимдік тұлға жайлы С.Г. Воркаев, В.И. Карасик, Р.И. Розина, Т.Н. Снитко, Ю.С. Степенев, және т.б. ғалымдар еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 155 әдебиет көзі қолданылған. Барлығына берілген сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулардың түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы көрінісін танып-білуде маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын зерттеуде фольклортану, әдебиеттану, халық ауыз әдебиеті, мифопоэтика, ұлттық руханият бойынша арнайы курстар жүргізуде практикалық маңызы зор. Бұл еңбекті білім алушыларға таңдау компоненті бойынша ұсынылатын пәндерде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясы мен поэтикасы бұрын-соңды зерттелмеген әрі салыстырмалы-тарихи талдауға түспеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған. А.З. Кенбаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты деп санауға болады. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы тақырыбы бұрын арнайы зерттелмеген, тың тақырып. Диссертант аталмыш

			тақырыпты зерттеуде көп ізденген, ғылыми әдебиеттерді қарастырған, нәтижесінде диссертацияны талапқа сай орындап шыққан.
11.	Диссертацияға ескертулер		Компьютерді теруде кеткен кейбір техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі. Орфографиялық қателер, сызықша мен тирелердің берілуінде мән беру керек. Бірақ бұл ескертулер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		Ізденуші өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. Халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 2 мақала, ҚР ҒҖЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала және халықаралық ғылыми конференцияларында 1 мақаланың басылуымен расталады. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес).		«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кенбаева Айнуір Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, атты диссертациясына оң пікірді бере отырып, зерттеу жұмысының өзектілігі өткір, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары зерттеу ретінде бағалап, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

ҚР ҒҖЖБМ ҒК

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD



Ж.Т.Салтақова